



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық және ұлттық құқық
арақатынасы



Соттылыққа жатпау

Бұл дәрісте біз ортақ құқық елдерінде кеңінен таралған бірнеше қосымша теориялар мен доктриналарға тоқталамыз.

Осы бөлімнің соңғы жағында Малколм Шоу соттылыққа жатпау, мемлекеттің іс-әрекет доктринасы және оған қатысты басқа да доктриналарды қарастырады.

Жалпы ережелерге сәйкес кез келген мәселенің соттылығы оның сотта қаралу мүмкіндігіне байланысты. Егер мәселе сотта қарауға жатпаса, оның соттылығы болмайды. Мәселен, атқарушы биліктің айрықша компетенциясы сотта қаралмайды.

Бұдан бөлек, бір мемлекеттің үкімді орындау, салық және жария құқық мәселелері басқа мемлекеттің сотында қаралмайтыны халықаралық құқықта нақты бекітілген.

Соттылыққа жатпау өз алдына бөлек концепция ретінде мемлекет іс-әрекеті доктринасымен тығыз байланысты. Бұл – шетелдік мемлекеттердің егемен (яғни суверен) әрекетіне қатысты мемлекеттің іс-әрекет доктринасы.

Халықаралық құқық пен ұлттық соттар көзқарасы тұрғысынан қарастырсақ, соттылыққа жатпауды бір мемлекет екінші мемлекет үстінен өз юрисдикциясын жүзеге асырмайды деп түсінуге болады. Оның негізінде егемендік принципі мен мемлекеттер теңдігі жатыр.

Осыған байланысты мемлекеттің егемендік иммунитетімен салыстыруға болады. Ол да соттылыққа жатпау доктринасы сияқты кейбір мәселелердің сотта қаралуын шектейді. Себебі егемендік иммунитеті доктринасына сәйкес, дауға қатысы бар тұлғаның статусына бола кейбір мәселелер соттылыққа жатпайды. Мысалы, дипломатиялық қарым-қатынастар туралы конвенцияға сәйкес, дипломаттар әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Дегенмен мемлекет иммунитеттен кез келген уақытта бас тартып, соттар мен арбитраждарға заңдық тосқауылды алып тастай алады. Мұндай жағдай көбінесе мемлекет пен жеке тұлғаның арасында, мәселен, инвесторлармен арада жиі орын алады.

Малколм Шоудың пікірінше, соттылыққа жатпау концепциясы – түрлі қырынан көрінетін кешенді доктрина. Соның ішінде ол жиі көрініс табатын екеуін ерекше атап өтеді: біріншісі мемлекеттің ішкі немесе конституциялық қырынан көрінеді. Атқарушы биліктің айрықша компетенциясына сыртқы саясат және ұлттық қорғаныс мәселелері кіретіні белгілі. Ондай айрықша құзірет билік тармақтарының бөлінуі мен шет елдің егемендігі мен тәуелсіздігін сыйлау принциптерінен туындайды.

Сондықтан соттар тәуелсіз өкімет билігін жүзеге асыруға қатысы бар істерді қараудан бас тартады. Мысал ретінде, бейбітшілік орнату мен соғыс жариялау, халықаралық шарттарды жасасу немесе территориядан бас тарту сияқты шешімдерді атауға болады.

Ағылшын прецеденттік құқығы бұл мәселе бойынша бірталай істерді қараған. Корольдіктің Джонсқа қарсы ісінде (R v. Jones) Лорд Хофман мынадай қорытынды жасады: «Бейбітшілік және соғыс мәселелерін қарулы күштерді қолдана отырып шешу әруақытта Корольдіктің (атқарушы биліктің) дискрециялық билігі болып табылады және соттың оған араласуына жол берілмейді». Бұл шешім (Keyu v. Secretary of State for Foreign and Commonwealth Affairs), яғни Кьюдің Сыртқы істер және достастық жөніндегі мемлекеттік хатшысына қарсы ісінде қолдау тапты. Істі қараған Лорд Манс аталған тұжырымды толықтай қолданды.

Доктринаның екінші аспекті мемлекеттің әрекеті және халықаралық құқықтың теңдік және егемендік секілді принциптеріне негізделген. Бұл бағыттағы нағыз классикалық тұжырымды Лорд Уилберфорс (ButtesGasandOilCo. v. Hammer) яғни, Бьютс мұнай-газ компаниясы мен Хаммер арасындағы істе жасады.

Ол былай деді: «Ағылшын заңнамасында соттар шетелдік егеменді мемлекеттердің трансакцияларын (яғни мәмілелерін) қарамайды деген жалпыға ортақ принцип бар... Бұл принципті «мемлекет іс-әрекетінің доктринасы» емес, сот билігі таралуына шектеу деп түсінген абзал».

Ал Малколм Шоудың пікірінше, мұндай принципті дискреция деп емес, табиғи сот процесіне тән принцип деп қарастырған жөн. Автордың жазуынша, бұл ішкі конституциялық мүдденен емес, халықаралық жүйенің сипатынан туындайды. Лордтар Палатасы егер сот аталған дауды қараса, онда оған төрт мемлекет арасында жүзеге асқан трансакцияға баға беруге тура келеді дейді. Ол аз десеңіз, соттар бұл трансакциялардың біреуі халықаралық құқыққа қайшы



деген қорытындыға келуі әбден ықтимал. Мұндай қорытынды халықаралық қатынастарда теріс әкелуі мүмкін екенін, сөйтіп сотта мәселені қарауға ешқандай соттық және әкімшілік стандарттар болмауы мүмкін екенін айтпай-ақ қояйық. Осыған орай, халықаралық салдары ауыр мәселелерді сот арқылы қарау жағдайды шешудің оңтайлы жолы емес деп айтылды. Мұндай ыңғайсыз жағдайларды жарастыруға дипломатия жүргені дұрыс. Осылайша ағылшын соты халықаралық қатынастар, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласында кездесетін жария сипаттағы істерді қарауға аса құлшыныс таныта қоймайды.

Тағы бір қызықты мысал – Рейнердің Индустрия және сауда департаментіне қарсы ісі (J. H. Rayner v. Department of Trade and Industry). Істі Апелляциялық сот пен Лордтар палатасы қараған еді. Аталған істің мән-жайы Халықаралық Қалайы Кеңесінің құрылуы мен жойылуына қатысты еді. Бұл ұйымды бір топ мемлекет ағылшын құқығына инкорпорацияланбаған шарт негізінде құрған. Судья Керрдің шешімі бойынша инкорпорацияланбаған шарттар ағылшын құқығының бір бөлігі болып саналмайды, сондықтан сот қарауына жатпайтын доктрина қатарына жатады. Дегенмен бұл тұжырым Халықаралық Қалайы Кеңесінің құқықтық табиғатын бағалау үшін осы инкорпорацияланбаған шартты қолдануға кедергі болған жоқ.

Ал Лордтар Палатасының шешімінде Лорд Оливер соттылыққа жатпау доктринасының маңыздылығына мән бере отырып, мынадай қорытынды жасады: «егемен мемлекеттер арасында халықаралық құқық деңгейінде жасалған мәмілелерден туындайтын құқықты жүзеге асыру немесе оларға қатысты дауларды қарастыру ұлттық соттардың құзіретіне кірмейді, тіпті ол мүмкін емес».

Бірақ бұл соттың аталған шарт бойынша түсіндірме беруіне кедергі келтірді дегенді білдірмейді. Сот шарт ережесінің мазмұнын мұқият зерттей келіп, мемлекеттер тобының Халықаралық Қалайы Кеңесін құруы – егемендік акт, яғни мемлекеттердің іс-әрекетінің нәтижесі. Сондықтан бұл мемлекеттердің арасындағы құқықтар мен міндеттерге қатысты дауды шешу халықаралық деңгейде жүзеге асырылады деген тұжырым жасады. Бұдан шығатын түйін – соттылыққа жатпауды тек егемен мемлекеттер арасындағы трансакцияға қарап емес, сонымен қатар, ағылшын құқығына инкорпорация жасалмаған халықаралық шарттар бойынша анықтауға болады.

Мемлекет іс-әрекеті және соттылыққа жатпау доктриналары

Бұл екі доктринаның арасындағы дәл әрі нақты айырмашылықты анықтау қиын. Бір жағынан, екеуі әртүрлі концепцияны білдіреді. Екінші жағынан, екеуі де бір принциптің екі бөлігі секілді. Дегенмен бұл екі доктринаның батыс елдері, әсіресе, прецедентті құқық жүйесіне сүйенетін мемлекеттер үшін маңызы зор.

Малколм Шоудың соттылыққа жатпау принципі мемлекеттердің теңдігі мен егемендігі негізінде қаланған халықаралық жүйе ішінде өмір сүруі тиіс дейді. Бірақ доктринаның таралу шегі туралы сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Мысалы, шетелдік үкіметтің конституциялығына қатысты мәселені соттар соттылыққа жатпайды деп есептейді. Сонымен қатар, ортақ ереже бойынша соттар құқықтық субъектілік негізінде жасалған мемлекет іс-әрекетінің растығына сүйенбейді. Мұндай мәселелердің қатарына шетелдік құқықтың конституциялығын жатқызуға болады. Бұл тұрғыда кейбір шектеулер пайда болады. Бұл шектеулерге қатысты (Kuwait Airways Corporation v. Iraqi Airways Company), яғни Кувейт әуе жолдары мен Ирак әуе жолдары компаниясының арасындағы істе қаралды.

Лордтар Палатасының төрелігіне берілген бұл іс бойынша Лорд Николс: «кейбір жағдайларда ағылшын соттары шетелдік құқықты тану мәселесін шешу барысында халықаралық құқыққа көңіл аударуы легитимді болып табылады» деген қорытындыға келді. Мұның Лорд Николстың пікірінше, бір мемлекеттің екінші мемлекетке қарсы халықаралық құқықты бұзу фактісін елеусіз қалдыратын соттылыққа жатпау принципіне қатысы жоқ. Расында, шетел құқығы ережелерінің қабылдау немесе қабылдамау мәселесін шешу үшін ұлттық соттар айқын орнатылған халықаралық құқық нормаларына назар аударуы тиіс. Егер де шетел құқығы халықаралық құқықтың негізгі принциптерін бұза отырып қабылданса, ондай ережелерді ұлттық соттың тануы немесе орындауы «ағылшын құқығының жария тәртібіне сөзсіз қайшы болады».



Сот шешімі бойынша халықаралық құқықты бұзу арқылы жасалған шетелдік мемлекет іс-әрекетін немесе шетелдік құқықты ұлттық соттар қолданудан бас тарта алады. Бұл – халықаралық құқықта мойындалған ереже.

Осы іске қатысты Лорд Стейннің пікіріне сүйенсек, адам құқықтарын бұзудан бастап халықаралық құқықты өрескел бұзуға дейін барған іс-әрекеттер үшін соттардың шетелдік құқықты мойындамауы дұрыс. Ал Лорд Хоуптың пікірінше, мемлекет іс-әрекетіне қатысты бірыңғай жағдайлар аясы өте тар болуы тиіс. Бірақ ол айқын орнатылған халықаралық-құқықтық ережелерді бұзу нәтижесінде пайда болған шетелдік құқықты қабылдамау үшін жария тәртіп шектеулерін көтерудің қажеті шамалы деп санайды. Лорд Хоуптың қорытындысына сәйкес, халықаралық құқықтың айқын орнатылған ережелерін дәрекі бұзып қабылданған заңнамалық актіні осы елдің (яғни Ұлыбританияның) соттары сол шетел құқығының бір бөлігі деп қабылдамауы тиіс.

Бұл көзқарас (ұстаным) (*Belhaj v. Straw*) Белхадждың Строға қарсы ісінде қолдау тауып, бекітілді.

Апелляциялық соттың шешімі бойынша «іргелі адам құқықтарын және халықаралық құқықты өрескел бұзғаны үшін мемлекеттің іс-әрекеті доктринасын жария құқыққа қайшы деген желеумен елемуге болады». Алайда аталған істе соттылыққа жатпау және мемлекет іс-әрекеті доктриналары бір принцип ретінде қарастырылғанын есепке алу керек.

АҚШ практикасы

АҚШ-тың прецедентті құқығында соттылыққа жатпау принципін саяси мақсатқа жиі қолданады. Ол, тіпті, әдетте саяси мәселе доктринасы ретінде қабылданады. Негізгі мақсат – мемлекеттің сыртқы істеріндегі саяси салмағы бар мәселелерге соттың жөнсіз араласуын азайту.

Мысалы, (*Greenham Women against Cruise Missiles v. Reagan*), яғни Гринхам әйелдерінің Рейгенға қарсы ісінде АҚШ сот Америка Құрама штаттарының зымырандарының Ұлыбритания әуе күштерінің базасында орналасуы соттылыққа жатпайтын саяси мәселе деген қорытындыға келді. Мемлекеттің шетелдегі активтеріне қатысты мирасқорлық құқығы да, дәл осылайша, соттылыққа жатпайды деп танылды. Мұндай істерде көп нәрсе нақты оқиғаға байланысты. Мысалы, (*Linder v. Portocarrero*), яғни Линда мен Портокаррера арасындағы істе Никарагуа үкіметіне жұмыс істеген америкалық азаматтың өлімі сотта қаралған еді. Оның өліміне кінәлі – Никарагуадағы көтерілісшілер. Америкалық сот бұл істі саяси мәселе доктринасын қамтымайды деген тұжырым жасады. Себебі талапкер АҚШ-тың Никарагуадағы саясатының легитимділін, азаматтық соғыста кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс деген сұрақты дауға салған жоқ. Талапкер тек қана нақты оқиғаға қатысты Жауапкер іс-әрекетінің заңдылығын тексеруге шағым жасады.

(*Koohiv. United States*), қазақша айтқанда, Кохи мен АҚШ арасындағы істе сот әскери шешімдерді қараудан тыс қалған жоқ. Бұндай әскери шешімдер бейбіт кезде не соғыс жағдайында қабылданғанына қарамастан, АҚШ заңы бойынша АҚШ азаматтарына немесе жауға келтірілген зардапты дауға салуға болады.

Соттылыққа жатпау принципі аясында АҚШ-тағы мемлекеттің іс-әрекеті доктринасының орны айрықша маңызды. АҚШ заңдарының шетелмен қарым-қатынас құқығы туралы үшінші жинағына сәйкес, бекітілген құқықтық принциптер туралы халықаралық шарттар немесе нақты келісімдер болмаса, АҚШ соттары шетел мемлекет іс-әрекетінің заңдылығына баға бермейді. Мысал ретінде, мемлекеттің өз территориясында жерді тарту, алу немесе өз территориясында жүзеге асқан үкіметтік сипаты бар басқа да әрекеттерді айтуға болады.

(*Banco Nacional de Cuba v. Sabbatino*), яғни Куба Ұлттық банкі мен Сабботино арасындағы істе АҚШ Жоғары соты мемлекет іс-әрекеті концепциясын халықаралық жария құқықтың ережесі ретінде емес, ішкі конституциялық балансқа байланған принцип ретінде қолданады. Бұл өзіндік соттың қалыс қалуының өзіндік ережесі іспеттес. Жоғары соттың мәлімдеуінше, шетелдік егеменді үкіметтің өз территориясындағы мүлікті тәркілеу халықаралық құқыққа сай келмейтініне қарамастан, оның заңдылығын АҚШ соты қарай алмайды.



Бұл негізгі ереже Алфред Данхилдің Кубаға қарсы (Alfred Dunhill of London Inc. v. Republic of Cuba) ісінде қолдау тапты. Аталған істе Жоғары Сот мемлекеттің коммерциялық міндеттерінен бас тартуын мемлекет іс-әрекеті деп мойындамас үшін егемендік иммунитеті концепциясын пайдаланды.

Дегенмен әруақытта ескеретін ережелер бар. Мемлекет іс-әрекеті доктринасының қатаң ережелеріне бірқатар шектеулер жасалған. Егер екі тарап арасында халықаралық шарт жасалып, оның ішінде компенсация төлеу туралы стандарттар мен ережелер бекітілсе, ондай ережелер «құқықтық принциптер» болып саналады.

Жоғарыда айтқанымыздай, егер «қадағалаушы құқықтық принциптері» бар халықаралық шарт болмаса, мемлекет іс-әрекетінің заңдылығына баға берілмейді. Керісінше, егер қадағалаушы құқықтық принциптер болса, сот оған баға бере алады.

1990 жылы мына бір маңызды істе АҚШ-тың Жоғары Соты мемлекет іс-әрекеті доктринасының таралу шегін қарады. (Kirkpatrick v. EnvironmentalTectonics) Киркпатрик пен Енвайренментал Тектоникс арасындағы іс бойынша шағымданушы Нигерия Үкіметімен контракт жасасу тендерінен ұтылып қалған соң, бәсекелесінің үстінен Нигерия үкіметіне пара берді деп шағым түсіреді. Сот бір ауыздан егер бұл жерде шетелдің егемендік іс-әрекетінің заңдылығы қарастырылмаса, мемлекет іс-әрекеті доктринасы қолданылмайды деп шешті.

Қорытындылай келе, соттылыққа жатпау және мемлекет іс-әрекетінің мән-мазмұнын ашатын кейбір кейстермен Шоудың кітабынан асықпай оқып, танысуға кеңес береміз.

Сұрақтар

1. Халықаралық құқықтағы соттылыққа жатпау дегеніміз не?
2. Халықаралық құқықтағы соттылыққа жатпаудың муниципалдық құқықтағы соттылыққа жатпаудан айырмашылығы неде?
3. Мемлекет іс-әрекеті және соттылыққа жатпау доктриналары бір-біріне қаншалықты тәуелді?

Әдебиеттер

1. C.A. Bradley, International Law in the US Legal System, 2nd edn, Oxford, 2015.
2. S. Fatima, Using International Law in Domestic Courts, Oxford, 2005.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 5-19.
4. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 1.6.